

БЕКІТЕМІН
«Тайтөбе ауылының жалпы
орта білім беретін мектебі»
КММ мектеп директоры
Алиева Г.С. Г.С. Алиева
«02» 09 2025ж.

КЕЛІСЕМІН
Директордың оқу ісінің
менгерушісі
Г.Б. Куанышова
«27» 08 2025ж.

КЕЛІСЕМІН
Директордың ғылыми-
әдістемелік ісі жөніндегі
орынбасары
Г.К. Кабденова
«27» 08 2025ж.

**Ә/Б ОТЫРЫСЫНДА
ҚАРАЛДЫ**
Хаттама №1
Бірлестік жетекшісі
А.С. Жамбыл
«25» 08 2025ж.

**«Көркем жазу» таңдау курсының 2025-2026 оқу жылына
арналған күнтізбелік-тақырыптық жоспары**

Мұғалім: Ахметова Айсауле Жексеновна
Сыныбы: 1 «В»

1-сыныпқа арналған «Көркем жазу» пәні бойынша

тақырыптық- күнтізбелік жоспар

Түсінік хат

Оқушының каллиграфиялық қабілетін қалыптастырудың педагогикалық, қоғамдық тәрбиелік мәні зор. Әріп таңбаларын әдемі, көркем етіп салуға жаттықтыру мақсатында жүргізілетін жұмыстар оқушы бойына жақсы қасиеттердің қалыптасуына ықпалы етеді. Таза, әдемі, дұрыс жазуды талап ету оқушының әсемдік сезімін оятып, мінез-құлқын тәрбиелеп, жауапкершілікке, ұқыптылыққа үйретеді. Бұл тұрғыдан қарағанда көркем жазу таңдау курсы оқушыларға бағыт-бағдар береді.

Ол үшін алдымен оқушылардың қолының икемділігі мен көзбен мөлшерлеу қабілетін жетілдірудің маңызы зор. Әріп элементтерін үйреткенде соларға сәйкес келетін таңбаларды таңдап алынады. Буын, сөз жазуда әріп таңбаларын бір-біріне қосып жазудың (ілмек сызық, жанастыру арқылы) тәртібі қатаң сақталады.

1- сынып оқушыларына арналған «Көркем жазу» курсы 33 сағатқа есептелген. Әрбір сабақ 2 бөлімнен тұрады: 1 бөлім – теориялық тұрғыдан түсіндірілсе, 2 – бөлімде оқушыларға тапсырмаларды әдемі, көркем етіп жазуға ұсынылады. Сабақтың 1-бөлімі оқушының қызығушылығын ояту, сыныпта жағымды атмосфераны орнату, психогимнастикалық серпіліс жасау жаттығуларынан басталады. Тақырып бойынша әріп элементін жазу ережесімен таныстырылады, әріптің көлемі біркелкі болуы, кіші әріптің биіктігі – 3 мм, бас әріптің биіктігі 7 мм өлшемдерді сақтап жазу қажеттігі ескертіледі. Оқушылардың психологиялық-физиологиялық ерекшеліктері ескеріле отырып, сергіту жаттығулары орындалады. Сабақтың 2-бөлімі жазу дәптерімен жұмыс жасауға арналған 5 тапсырмадан тұрады, оның:

Бірінші тапсырмасы – көшіріп жазу әдісі бойынша дайын әріп элементтерін таза, әдемі етіп жазуға негізделген. Бұл тапсырманы оқушы мұғалімнің көмегімен орындайды.

Екінші тапсырма – оқушылардың сөздер арасындағы ара қашықтықты сақтап, байланыстыра жазуға, сонымен бірге оқушылардың логикалық ойлауын қозғап, шығармашылық қабілеттерін дамытуға негізделген. Тапсырманы орындауда оқушы сызықтық әдіс, теріп жазу әдісі, сөйлемді аяқтау әдісін қолданады, түрлі сөзжұмбақтар мен суретті жұмбақтардың шешімін тауып жазады.

Үшінші тапсырманы орындау – оқушының өздігінше жұмыс жасауын, берілген мәтінді таза, әдемі етіп көшіріп жазу, мәтінді өзіндік пікірмен аяқтап жазуды талап етеді. Тапсырма ізденіс арқылы оқушының пікірін жинақтауына бейімделген.

Төртінші тапсырма – түрлі әдістерге негізделген, мысалы: өлеңді жатқа жазу, тест тапсырмаларын шешу, дұрыс жауаптарын бояу, «Топтастыру» ойыны, мақал-мәтелдердің ауыспалы мағынасын ашып жазу, «Лездемеге жауап жазу» ойыны, «Сөз ішінде сөз» ойыны, «Адасқан буындар» ойыны, жүргізіп жазу техникасын қолдану және т.б. Мұғалім осындай әдістерді қолдану арқылы оқушыларда ой қозғап, білімдерін бекітеді. Сабақтың қорытынды бөлімінде мұғалім семантикалық карта арқылы оқушылармен жазба түрде рефлексиялық байланыс жасайды.

Бесінші тапсырма – үйде орындауға негізделген, мұнда тақырып бойынша берілген әріптерге сөз, сөйлем құрастырып жазу, өлең жолдарын көшіріп, тиісті әріптерді теріп жазу секілді жаттығуларды орындайды.

Курстың соңында оқушылар көшіріп жазу әдісі, сызықтық әдіс, генетикалық әдіс, ритмикалық әдіс, теріп жазу әдісі, топтастыру әдісі, Карстер әдістерін саналы түрде және нақты орындауды меңгереді.

Мақсаты:

Оқушылардың ойларын еркін және дәлелді түрде ауызша да, жазбаша да сауатты жеткізе білуін жетілдіру. Ауызекі және жазба тілде қарым- қатынас жасау дағдыларын дамыту, орфографиялық дағдылар мен көркем жазу дағдыларын қалыптастыру. Жазудың түрлі тәсілдері /көшіріп жазу, әріптік, буындық, сөздік, сөйлем, шағын мәтін т.б./арқылы сауатты жазуға үйрету.

Міндеттері:

- бас және кіші әріптерді каллиграфия талаптарына сай жазуға дағдыландыру;
- әріптерді бір-бірімен өзара байланыстыра қосып жазуға үйрету;
- сауатты жазу дағдыларын қалыптастыру;
- эстетикалық талғамға сай жазу әрекетін игеру арқылы каллиграфиялық көркем жазуын қалыптастыру;
- сауатты жазу дағдылары қалыптасады;

Қүтілетін нәтижелері:

- әріптерді каллиграфия талаптарына сай жазуға дағдыланады;
- әріптер сырын толық игеруге мүмкіндік алады;
- грамматикалық тапсырмаларды орындай алуға машықтанады;
- шығармашылық тапсырмаларды орындай алады.
- Сауатты жазу дағдылары қалыптасады.

- **Дағдылары бойынша:**
- Графикалық қателерді көру және жөндеу жолдарын табу;
- Әріптер мен сөздер арасындағы қажетті пропорцияларды сақтау;
- Сөздер арасындағы қашықтықты сақтау;
- Әріп элементтерінің жазылу алгоритмін, әріптер мен әріптердің байланыстырып жазу;
- Жазу жылдамдық нормаларын орындау, баспа мәтінінен көшіріп жазу және жай сөздерді жатқа жазу.

Таңдау курсы менгеру деңгейіне қойылатын талаптар:

Оқушы білуі керек:

Әріптердің негізгі элементтерінің және сөз ішіндегі әріптердің бір-бірінен қашықтығы біркелкі болуы;

Әріптердің биіктігі біркелкі болып шығуы;

Әріптердің негізгі элементтерінің біркелкі келбетпен жазылуы;

Сопакша және жарты сопакша құрсау түріндегі әріп элементтерінің, сондай-ақ қисық, түзу сызықтан құралатын әріп элементтерінің бір-бірімен кілт жалғастырылмай, бірте-бірте созылықырап барып, жіңішкеріп жалғастырылуы;

Әріптердің кескіні қабылданған үлгіге сәйкес дұрыс жазылуы;

Сөздерді жазғанда әріптердің дұрыс жалғастырылуы.

Оқушы көркем жазу таңдау курсына әсемдікті сезінумен бірге, өз бетінше ізденуге, салыстыруға, еркін пікірлеуге үйренеді.

Оқу курсының тақырып мазмұн

I. Жазудың негізгі алгоритмімен танысу

Курс жоспары 33 сағатқа түзілген.

Кіріспе бөлімі 10 сағатқа құрылған. Бұл бөлімде оқушылар жазу жолының негізгі құрылымдарымен танысады. Жазу жолындағы арақашықтықтың сақталуы мен сызықтардың көлбеу түсу сырларын түсінуге мүмкіндік береді

II. Қосымша жолдардың жұмыс кеңістігімен танысу

Бөлім 7 сағатқа құрылған. Әріптердің негізгі элементтерінің және сөз ішіндегі әріптердің бір-бірінен қашықтығы біркелкі болу дағдыларын игеруі тиіс.

графикалық белгілерді есте сақтау;

жазу тәртібін меңгеру;

жазу нормативтеріне бағыну;

қатесіз және жатқа жазу;

уақытты дұрыс үнемдей білу.

III. Әріптердің жазылу элементтерімен танысу

Бұл «Көркем жазу» таңдау курсының бағдарламасының негізгі мазмұны оқушының өз бетімен оқуына, ізденуіне және көркем мәдениетінің қалыптасуы болып табылады. Осы бөлімде оқушының білім, білік дағдылары біртіндеп өсуіне қарай құрылады. Бөлім 10 сағатқа жоспарланған.

IV. Әріп элементтерін жазу

Курстың соңында оқушылар көшіріп жазу әдісі, сызықтық әдіс, генетикалық әдіс, ритмикалық әдіс, теріп жазу әдісі, топтастыру әдісі, Карстер әдістерін саналы түрде және нақты орындауды меңгереді.

Бұл бөлім 6 сағатқа құрылған.

Тәжірибелік бөлімі

Курс барысында оқушылардың икем, дағдылары төмендегі іс- әрекеттер бойынша бекіп отырады. Графикалық қателерді көру және жөндеу жолдарын табады. Әріптер мен сөздер арасындағы қажетті пропорцияларды сақтайды. Сөздер арасындағы қашықтықты меңгереді. Әріп элементтерінің жазылу алгоритмін, әріптер мен әріптерді байланыстырып жазады. Жазудың жылдамдық нормаларын орындау, баспа мәтінінен көшіріп жазу, жай сөздерді жатқа жазуды есте сақтайды.

Тақырып бойынша суретпен сөйлем құрайды.

Ребустар мен сөзжұмбақтар үшін материалдар жинақтайды.

Қысқа мәтінде диктанттар жазады.

Оқушының білім деңгейін бақылау

Оқушылардың білім, білік дағдысын тексеру оқу үрдісінің негізгі кезеңі болып табылады. Олар оқыту, тексеру, тәрбиелеу және түзету функциясын атқарады.

Білім деңгейін тексеру үшін:

әрбір бөлімнің соңында қорытынды тексеру жүргізу;

тексеру формасы мына түрде: тақырыпты мазмұнына қарай жинақтау, іздену, шығармашылыққа берілген тапсырмалар арқылы болады.

тексеру әдістері мен формаларын оқушылардың жас ерекшелігімен анықтау;

әр бөлімнен кейін оқушы мұғалімге жинаған, зерделеген материалдарын тексерту;

білім, дағдыларын бақылау диктанттары арқылы қорғау.

Пәнді оқу-әдістемелік жағынан қамтамасыз ету

Практикалық:

Оқушыларды шығармашылық жұмысқа баулып, олардың белсенділіктерін, қызығушылықтарын арттыра түсу үшін әр түрлі әдіс-тәсілдерді қолдануға болады:

Тақырып мазмұнына қарай жинақтау, іздену.

Шығармашылық жаттығулар құрастыру.

Әдістемелік:

- осы тақырыптар бойынша не білемін?
- тағы не білуім керек?
- қайдан білуге болады?

Анықтамалық:

- адамдардан сұрау;
- кітаптардан қарау;
- өз пікірмен жұмыс жүргізу;
- материалды жинау және қолдану.

Көрнекілік:

- суреттер;
- альбомдар;
- ребустар;
- бүктемелер;
- сөзжұмбақтар.

Көркем жазу (факультатив)

1-сынып

аптасына 1 сағат, жылына 33 сағат

р/с	Тақырыптар мазмұны	Сағат саны	Мерзімі	Қосымша
I тоқсан				
1	Жазу ережелерімен таныстыру.	1	02.09	
2	Әліппеге дейінгі кезең Тік қиғаш сызықтар салу.	1	09.09	
3	Сызықтарды параллель жүргізу	1	16.09	
4	Ілмекбiз сызықтары	1	23.09	
5	Ілмек сызықтар	1	30.09	
6	Әрiп жазуға дайындық элементтерi	1	07.10	
7	Әрiп элементтерiн бөлек салу.	1	14.10	
8	Жазудың негiзгi алгоритмiмен танысу. А а Р р әрпiн жазу		21.10	
II тоқсан				
9	Н н, Л л, у әрiптерiнiң элементтерiн жазу.	1	04.11	
10	Жазудың негiзгi алгоритм элементтерiн жазу. С с, О о, Т т әрiпiнiң элементтерiн жазу.		11.11	
11	Қосымша жолдардың жұмыс кеңiстiгiмен танысу. Ы ы, З з әрiпiнiң элементтерiн жазу	1	18.11	
12	М м, Е е әрiптерiнiң жазылуы	1	25.11	
13	Д д, Ш , әрiптерiнiң элементтерiн жазу.	1	02.12	
14	Ұ ұ әрпiн жазу	1	09.12	
15	Б б әрiпiнiң элементтерiн жазу.	1	23.12/16.12	
16	Көшiрiп жазу	1	13.01	
III тоқсан				
18	І і , н әрiптерiнiң элементтерiн жазу	1	20.01	
19	Ғ ғ , Ж ж әрiпiнiң элементтерiн жазу	1	27.01	
20	П п, Ә ә әрiптерiнiң элементтерiн жазу	1	03.02	

21	Сөздік диктант	1	17.02	
22	Үү әріпінің элементтерін жазу	1	24.02	
23	Р р Ф ф әріптерінің элементтерін жазу	1	03.03	
24	К к Қ қ әріптерінің элементтерін жазу	1	10.03	
25	Эә әріпінің элементтерін жазу.	1	17.03	
26	Сөздік диктант		31.03	
IV тоқсан				
26	әріптерінің элементтерін жазу	1	07.04	
27	Жазудың негізгі алгоритмі элементтерін жазу. Ц ц Ч ч әрпін жазу	1	14.04	
28	Жазудың негізгі алгоритмі элементтерін жазу. Х х һ әріптерін жазу	1	21.04	
29	Көшіріп жазу	1	28.04	
30	Әріп элементтерін жазу.Ш ш Щ щ әріпінің элементтерін жазу	1	05.05	
31	Ы ы І і әрпін жазу	1	12.05	
32	Ю ю Я я әріпінің элементтерін жазу	1	19.05	
33	Сөздік диктант	1		